



**Автор:** Аралбаева Баянды Аманбайқызы

**Пән:** Сауат ашу

**Сынып:** 1-сынып

**Бөлім:** Тағам және сусын

**Тақырып:** Мектеп асханасы. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар.

|   |   |
|---|---|
| <p>Мектеп асханасы.<br/>Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар.</p> | <p>1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау. 1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау. 1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу. 1.3.7.1 Мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету. Барлық оқушылар :оқыған мәтіннің мазмұнын түсінеді, жетекші сұрақтар арқылы көрген әсерлерін әңгімелейді,мұғалімнің көмегімен сөздегі қатені түзей алады,оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды, тақырып мазмұны бойынша өзара ой бөліседі,сөздегі дауысты дыбыстарды табады, жуан және жіңішке дауыстыларды дұрыс дыбыстайды,жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап жазады. Оқушылардың көпшілігі : Сөздегі дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке екенін ажырата алады, әріптерден бірнеше сөз құрай алады,дыбысты әріппен белгілеуді қолданады,сөйлемдегі сөздерді мағынасына қарай дұрыс орналастырады. Кейбір оқушылар : Мәтін ішіндегі сөйлемдердің қатесін түзеп,тексереді, сөздегі жуан дауысты дыбыстарды жіңішке дауысты дыбысқа айналдырып өзгертеді, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады</p> |
|---|---|

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|------------------------|-----------|
|-----------------|------------------------|-----------|

|  |   |   |
|--|---|---|
| <p>Дауысты және дауыссыз дыбыстар. «Асты ысырап етпеу – ізгіліктің үлкені» (08:45)</p> | <p>Оқушының зейінін шоғырландыру (Ұ) МТ «Жұмбақ жәшік » әдісі. Стол үстіндегі жәшікте майлық,қасық, тәрелке,шанышқы,кесе т.б заттарды саламын. Санамақ айту арқылы 1 оқушыны таңдаймын.Ол оқушы жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Оқушылар жасырып отырған затты сипаттамасына қарап табуы керек.Сол тапқан сөздің ішіндегі дауысты дыбыстарды атау керек. (Ұ) «Адасқан буындар» әдісі арқылы тақырыпты ашамыз. (Теп-мек ха-на-ас-сы) осы буындарды дұрыс құрау арқылы сабақтың тақырыбы анықталады. Бүгінгі сабақта мектеп асханасымен танысамыз. Мәтінді оқып, мәтін ішіндегі сөйлемдердің қатесін түзейміз,мәтін мазмұны бойынша өзара ой бөлісеміз,жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды дұрыс дыбыстапайтуды үйренеміз Оқушының жақын даму аймағын анықтау МТ Бүгінгісабақта: (мұғалімнің сыйы ретінде қима суреттер) Мәтіннің мазмұныбойынша өз ойымен бөлісіп, айта білген оқушыларға «шайдың» суретіМәтін ішіндегі сөйлемнен дауысты дыбыстарды тауып, жуан не жіңішкеекенін ажырата білген оқушыларға «сорпаның» суреті Сөздердегі жуан,дыбыстарды жіңішке дыбыстарға айналдыра білген оқушыларға «тәттібәліштің» суретін таратамын. «Асханаға саяхат» әдісі (Ұ) МТ Біз қазірмектеп асханасына саяхатқа шығамыз. (Асханаға саяхат кезінде оқушылар аспазшылармен өз қалаулары бойынша әңгіме жүргізеді) Сыныпқа келгенде: Асхана жұмысы туралы не білдік? Біз ол жерде тұтынушылар үшін қандай пайдалы нәрселер көрдіңдер? Асхана қызметкерлері үшін қандай пайдалы нәрселер көрдік? Ашық сұрақтар: Бала неге тәттіге құмар болады? Біз неге тамақ ішпей жүре алмаймыз? (Ұ) МК Тыңдалым Оқулықтағы суретке назар аудартып, мәтінді оқимын. Мәтін желісі бойынша сұрақтар қойып, мазмұндатамын. Әрі қарай оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырамын. Айтылым 1.Асханаға кірерде не істеу керек? 2.Түскі асқа қандай тағам аласың? 3.Өз мектебіңнің асханасы туралы айтып бер. Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына мүмкіндік жасау. Оқылым Тапсырма Мәтіннің бірінші сөйлеміндегі сөздерден дауысты дыбыстарды табу Дескриптор: -дауысты дыбысты ажыратады -жуан дауыстыны табады -жіңішке дауыстынытабады Тыңдалым. Аспазшы шеберлігі туралы қызықты ақпарат айтыпберу. (Ұ) МК. Мұғалім жуан және жіңішке дауыстылар қатарынкөрсетеді.Оқушылар дыбыстап айтады.Ерекшелігін айтады. «Көркем жазуминуты» әдісі (Ө) Жазылым Көркем жазуды ұйымдастыру, жұп болыпқатесіз жазуды тексеру. Дескриптор: -Жазу жолын,жоларалық кеңістіктібіледі -жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтайды -әріпэлементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазады -қатесіз көшіредіМТ Ж. Ширату жаттығуы «Жұбыңды тап» ойыны Оқушыларды екі қатарбоп тұрады.1-қатардағы оқушыларға жуан дауысты дыбыстардытаратамын. 2-қатардағы оқушыларға жіңішке дауысты дыбыстардытаратамын. Дауыстыларды «а-ә», «о-ө», «ү-ұ», «ы-і» деп айтқандаоқушылар жұптаса қалу керек.Сол дыбыстарға байланысты мектепасханасында кездесетін бір сөз айту. Ө Барынша қолдауды қажет ететіноқушыларға: Сөйлемдердің қатесін түзеп, көшіріп жазу Дескриптор: -Сөйлемдерді оқиды -Қатесін табады -сөйлемді түзетіп, көшіреді Орташақолдауды қажет ететін оқушыларға: Сандарға сәйкес суретқұрастырып,жуан айтылатын сөзді бірінші қатарға,жіңішке айтылатынсөздерді екінші қатарға жазу Дескриптор: -сандар мен суреттердісәйкестендіреді -жуан айтылатын сөздерді жазады -жіңішке айтылатынсөздерді жазады Аз қолдауды қажет ететін оқушыларға: Жуан дауыстыдыбыстарды жіңішке дауысты дыбысқа айналдырып жазу Дескриптор: -сөздерді оқиды -жуан дауыстыларды жіңішке дауысты дыбысқаайналдырады -сөздерді жазады ҚБ Тапсырма: Сызба бойынша берілгенәріптерден сөздер құрап жазу. Бағалау критерийі: Әріптерден сөздерқұрау Дескриптор: -сөз жасайды -жуан дауысты дыбысты табады -жіңішкедауысты дыбысты табады</p> | <p>Интербелсенді тақта 1-жаттығу. Оқулық,14 бет <a href="https://www.Google.kz">https://www. Google.kz</a> (<a href="http://massaget.kz/(http://massaget.kz/">http://massaget.kz/(http://massaget.kz/</a> Дыбыстар қатары Дәптер,10 бет 2-жаттығу. Дәптер,11 бет Оқулық,14 бет 3-жаттығу Дәптер, 11 бет 3-жаттығу Оқулық,14 бет Қима суреттер</p> |
|--|---|---|